«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің директоры
_____А.А.Кулбаев
«___» _____2025 ж

Қала күніне орай «Сиқырлы әуен» атты классикалық әуен кеші

Қала күніне орай «Сиқырлы әуен» атты классикалық әуен кешінің СЦЕНАРИЙІ

Пролог. Хабарлаусыз.
(1 номер)

Фанфар

Сахнаға жүргізушілер шығады.

1-Жүргізуші: Армысыздар, құрметті көрермендер!

2-Жүргізуші: Қайырлы кеш, қымбатты Ақтаулықтар және қаламыздың қонақтары! Ақтау Түркі әлемінің мәдени астанасы 2025 аясында ұйымдастырылып отырған бүгінгі кешіміз жүректердің жылуы мен тамаша көңіл-күйге толы болатыны сөзсіз! Себебі классикалық музыка - ешқашан мәнін және тыңдарманын жоғалтпайтын бірден бір өнер саласы. Әрине бүгінгі кешіміз сіздер үшін.

1-Жүргізуші: Вивальди, Бах, Моцарт, Чайковский... Қазіргі нано технологиялар дамыған заманда, заманауи хиттер мен телевизиялық жобалар бар кезде классикалық музыканы салыстыру мүмкін емес. Себебі ол таза ауа секілді, күш береді, ерекше әсер қалдырып, жан мен тәннен ауырлықты алып кетіп, өмірге ерекше көзқараспен қарауға ықпал ететін секілді.

2-Жүргізуші: Ендеше құрметті көрерменден Қала күніне орай «Сиқырлы әуен» атты классикалық әуен кешіне қош келдіңіздер! Сіздерге арналған концерттік бағдарламамызды қабыл алыңыздар!

Концерттік бағдарлама
(5 номер)

1- Жүргізуші: Классикалық музыка Қазақстанның музыкалық мұрасының маңызды бөлігіне айналды. Ал Қазақстанда әртүрлі халықтың музыкалық дәстүрлері мен мәдени ағымдардың ықпалынан бастау алатын классикалық музыканың ұзақ тарихы бар.

2- Жүргізуші: Музыка - сиқырдың ең күшті түрі. Ақынның мәртебесі еш уақытта жаңылмайды, музыка мен ақынның жүрек сезімдері бірге, сондықтан да олардан ән туады.

1-Жүргізуші: Классикалық музыка — жүректің үнсіз сыры
Классикалық музыка — адамзаттың ең нәзік, ең сырлы сезімдерінің үнсіз тілмашы. Ол — сөзсіз сөйлейтін, үнсіз жылайтын, көкірекке үміт ұялататын рухани әлем. Қай ғасырда, қай елде туындағанына қарамастан, классикалық әуен адам жанына бірдей әсер етеді.
Ол — уақыт пен кеңістіктен тыс тұрған, мәңгілікпен үндесетін құбылыс.

2-Жүргізуші: Классикалық әуен адамның ішкі әлеміне үңіледі. Ол жан дүниені тазартатын, жүректі жұмсартатын күшке ие. Моцарттың нәзік симфониясы арқылы сен жеңілдік пен шаттықты сезінесің. Бетховеннің күрделі туындылары арқылы өмірдің тар жол, тайғақ кешуінен өтесің. Шопеннің романтикалық пьесалары махаббаттың асқақтығын паш етеді.

Концерттік бағдарлама
(5 номер)

1-Жүргізуші: Классика — бұл рухани тынығу. Қиын күндерде жаныңды жұбатады, қуанышты сәттерде шаттығыңды еселейді.
Ол — ойды тербететін, қиялға қанат бітіретін, болмысыңды байытатын өнер. Сол себепті классикалық музыка — мәңгілік. Ол ешқашан ескірмейді, ұмытылмайды.

2-Жүргізуші: Классикалық музыка тыңдаған сәтте уақыт тоқтағандай. Сен тек өзіңмен және әуенмен қаласың. Бұл — рух пен жүректің үндестігі. Бұл — сөзбен жеткізілмейтін, тек жүрекпен ғана сезілетін ғажап әлем.

1- Жүргізуші: Музыка арқылы біз өзімізді үлгілі өнерге бейімдеп өркендете аламыз... Музыканың моральдық мәні сол, біз оның әсерімен таза нәр аламыз, яғни шынайы сүйеміз. Музыканың шын мәнінде біздің жан дүниемізді толқытып, көңілімізді көтеруге құдіреті әбден жетеді. Ендеше келесі тыңдайтындарыңыз:

Концерттік бағдарлама
(5 номер)

1- Жүргізуші: Сиқырлы әуенге толы әдемі кешіміз де өз мәресіне жетті. Көктемнің бау-бақшасындай әсем қаламыз Ақтау жылдан-жылға гүлдеп, көркейе берсін.

2-жүргізуші: Қадірменді көрермен ! Ақтаудың туған күніне арналған, Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің 50 жылдығы аясында ұйымдастырылған «Ақмаржан қала – Ақтау» атты шығармашылық концертімізді осымен аяқтаймыз! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!